

## Мүгедектерді әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 354 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 мамырда № 9-2-159 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 199 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 06.02.2014 № 199 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 1-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабына сәйкес, "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санатарына әлеуметтік көмек көрсету" бюджеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласында, Перцев, Горняцк кенттерінде, Железородная стансасында тұратын, тірек-қозғалыс аппаратының функциясы бұзылған бірінші, екінші топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға, сондай-ақ оларды сүйемелдеп жүретін тұлғаларға мүгедектердің кіріп-шығуына бейімделген автомобиль көлігімен тегін көліктік қызмет түрінде әлеуметтік көмектің қосымша түрі **к ө р с е т і л с і н .**

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2011.02.04 № 117 (алғашқы жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.**

2. **М ы н а л а р а н ы қ т а л с ы н :**

1) тегін көліктік қызмет түрінде әлеуметтік көмектің қосымша түрі тірек-қозғалыс аппаратының функциясы бұзылған бірінші, екінші топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға (бұдан әрі-мүгедектер), сондай-ақ оларды сүйемелдеп жүретін тұлғаларға көрсетіледі;

2) тегін көліктік қызмет мүгедектерге жедел (шұғыл) медициналық көмекті көрсету үшін емдеу мекемелеріне жеткізуден басқа, Рудный қаласы, Перцев, Горняцк кенттері, Железородная стансасы аумағы шегінде мүгедектердің кіріп-шығуына бейімделген автокөлікпен әлеуметтік инфрақұрылым

объектілеріне, тұрғын үй, қоғамдық және өндірістік ғимараттар мен құрылымдарға бару үшін көрсетіледі;

3) мүгедектерге тегін көліктік қызмет түрінде әлеуметтік көмек көрсету бойынша уәкілетті орган "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады;

4) уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мүгедектерге көліктік қызмет сатып алуды жүргізеді;

5) уәкілетті орган және мүгедектерге көліктік қызмет көрсететін тұлға арасындағы қарым-қатынас мемлекеттік сатып алу туралы шартпен ресімделеді.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2011.02.04 № 117 (алғашқы жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.**

2-1. Мүгедектерге көліктік қызмет үшін төлеу мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа сәйкес қала бюджеті қаражатынан жүргізілсін.

**Ескерту. Қаулы 2-1 тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2011.02.04 № 117 (алғашқы жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары А.А. Ишмұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*Н. Денинг*